

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округінің Қалжыр ауылына, оның ішінде ауыл тұрғындары Ақатай Қайырбек, Бекжанов Нурбек, Қахарман Тоқан ұйымдастырған табындарға шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Қалжыр ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 25 шілдедегі № 4 шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 наурызда № 6775 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Күршім аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2019 жылдың 14 қарашадағы № 930 ұсынысы негізінде, Қалжыр ауылдық округі әкімі ШЕШТІ:

1. Күршім ауданының Қалжыр ауылдық округінің Қалжыр ауылына, оның ішінде ауыл тұрғындары Ақатай Қайырбек, Бекжанов Нурбек, Қахарман Тоқан ұйымдастырған табындарында ірі қара мүйізді малына сарып ауруынан Республикалық бюджеті есебінен жүргізілген сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық нәтиже көрсетуіне байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қалжыр ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 25 шілдесіндегі "Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округі Қалжыр ауылына, оның ішінде ауыл тұрғындары Ақатай Қайырбек, Бекжанов Нурбек, Қахарман Тоқан ұйымдастырған табындарға шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 30 шілдеде № 5-14-170 болып тіркелінген, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2018 жылы 3 тамызда жарияланған) № 4 шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. "Қалжыр ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Күршім ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалжыр ауылдық округінің әкімі

Б. Мукушев